

"Компьютер жүйелерін бақылау-кассалық машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізуге қорытынды беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2009 жылғы 27 шілдедегі № 330 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 26 наурыздағы № 132 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40 бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Компьютер жүйелерін бақылау-кассалық машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізуге қорытынды беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2009 жылғы 27 шілдедегі № 330 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5732 тіркелген, 2009 жылғы 7 тамыздағы № 119 «Юридическая газета» және «Заң газеті» газеттерінде жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Ақпараттық технологиялар саласындағы мемлекеттік саясат департаменті (Қ.Б. Елеусізова):

1) осы бұйрықтың көшірмесін бір апталық мерзімде Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігіне ұсынсын;

2) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Көлік және коммуникация вице-министрі
С.С. Сарсеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр А. Жұмағалиев